

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

“Қазақстан әйелдері” журналындағы ерекшеліктер

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.04.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/137242/>

Мына дүниеде бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербете алатын жалғыз жан бар. Ол – әйел-ана. Әйел-ана – отбасының жүрегі, алтын діңгегі. Ежелгі заманнан-ақ, ата-бабамыз әйел затын жоқтан бар ғып өсіретін, ұрпақты адам етіп тәрбиелейтін, халық ішіндегі бірлікті ұйыстыратын ел ұйытқысы – ана деп қастерлеген. Қай заманның, қай дәуірдің «ұлы» деп таныған тұлғаларын алсақ та, ана туралы тайға таңба басқандай өз тұжырымдарын, әйел затына деген құрметін, ыстық ықыласын жалпақ жұртқа жария етіп отырған. Абыз-даналарымыз, би-шешендеріміз, ақын-жазушыларымыз әйел хақында қарымды қалам тербеген. Бұл, әрине, жалпақ жұртқа мәлім дүние. Ал көпшілік қауым осы қыз-келіншектерге арналған басылымдар жайлы біле ме екен? Ел бейнесін айқындайтын өмір айнасы – әйелдерге арналған басылымдардың бар екенін біреу білсе, біреу білмес. Сондай қыз-келіншектер мен әйелдерге арналған бірден-бір бірегей басылымдардың бірі – «Қазақстан әйелдері» журналы.

«Қазақстан әйелдері» 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы қарсаңында «Әйел теңдігі» журналы жабылып қалып, кейіннен 1956 жылдан бастап «Қазақстан әйелдері» деген атпен шығып тұрған. Түп төркіні тереңде жатқан, осынау ұзын сонар тарихқа ие болған «Қазақстан әйелдері» әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Өйткені, журналдың қозғайтын тақырыбы мен көтеретін мәселесі өте ауқымды. Айталық, әлеуметтік мәселелер, аналар жайы, отбасы берекесі, ұрпақ тәрбиесі, ел арасындағы ең өзекті саналатын сан алуан тақырыптарға қалам тербейді. Журналдың басты ерекшелігі – қазақ әйелдеріне саяси және мәдени-рухани тәрбие берді, оларды партия мен кеңес үкіметі алға қойған міндеттерді орындауға жұмылдырды, баспасөз арқылы бұқараның қалың ортасына ой тастап, сол арқылы өнер-білімге, мәдениетке үндеу, жасқаншақ, етекбасты ауыл әйелдеріне жаңа қоғамның мән-жайын түсіндіру, өз мүддесін қорғауды үйрету болды деп есептеймін. Жиырмасыншы ғасырдың басында әйелдер мұңын әйелден артық ешкімнің айта алмайтыны белгілі болатын. Дәл осы қажеттілік негізінің көрінісінің бір парасы «Қазақстан әйелдері» журналының тұңғыш редакторының әйел адам болуында. Ашығын айтсақ, «Әйел теңдігі» (қазіргі Қазақстан әйелдері) журналы алғаш Сара Есованың редакторлығымен шыққан. Журналдың қазақ баспасөзінде ғана емес, «қазақ» атты бүтін бір ұлтты құрап отырған әрбір қара шаңырақтың іргесі үшін

алатын орны айрықша. Журналдың екінші ерекшелігі – бір бағытты ғана ұстанбай, ғылым-білім, мәдениет, мал шаруашылығын өркендету, егін шаруашылығы сияқты қоғамның әртүрлі саласынан қажетті ақпараттар беруінде. Журнал тақырыбына қарап: «Бұл журнал тек әйелдерге арналған»- деген пікір қате болар. Өйткені, журнал бетінде мектеп және нарық, іскерлік пен ізденіс, ішкі істер бөлімін де қозғайтын мақалалар, поэзияға арналған айдарлар, қазақы қалжыңдар (анекдоттар) да басылған. Ел өмірінің көкейкесті мәселелерін кеңінен қозғай отырып, ұл мен қызға тәлім-тәрбие, келін мен балаға инабат-ізет, отбасы өнегесін үйрететін, оқырманын көркем әңгіме, жақсы жырмен сусындатып, құлақ құрышын қандыра жаңа әндерді насихаттайтын әр шаңырақтың айнымас досына айналды. Осы журналдың 1995 жылғы 7-ші нөмірінің 12-санын парақтап отырып, «Қазақстан әйелдерінің» қоғамды меңдеп бара жатқан бір мәселемен ғана тоқтамайтынын аңғардым. Мысалы, «Бір отбасының қасіреті туралы. Кім кінәлі?» деген мақалаға бірден көзім түсті. Аталмыш мақаланың оқырманның санасына қондырайын деген түйіні, бүгінгі жастарға сабақ болсын деп айтқысы келгені – отбасы тәрбиесіне аса үлкен мән беру керек дегенінде. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген қағиданы ұстана отырып, бір-бір ұл мен қызды тәрбиелеп отырған ата-аналарға құлаққағыс ретінде жарияланғандай. Журналдың үшінші ерекшелігі – журналда жарияланатын сандар белгілі бір облысқа, халыққа зор еңбектері сіңген тұлғаларға арналып отырған. Сондай-ақ, журналды шетел қазақтары мен одақтас республикаларда тұратын қазақтар да журналға жазылып, оқыған. Журнал сипаты аталған ерекшеліктермен ғана тоқтап қалмайды. Қорыта келе, «Қазақстан әйелдері» журналы, әуелі, әйел затын бағалай отырып, шаңырақ ұйытқысы екендігін танытты, сөйтіп халық бірлігін сақтауға ұмтылды. Қазақ даласында, қазақ баспасөзінде осындай журналдың болуы адам көңіліне қуаныш сыйламай қоймайтыны анық. «Қазақстан әйелдері» журналының ғұмыры ұзақ болсын!

Пайдаланған әдебиеттер

Жаған А. Қазақстан әйелдері//Дәуір,-№2. -1995. -18-19 бб.

Иманғали М. Қазақстан әйелдері журналына 30 жыл редактор болған Әтина Жакетова//Қазақстан мұғалімі, 22 наурыз. – 2004.

Садырқан Дана,

Журналистика факультетінің

1-курс студенті

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.